


12006
90126

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ



тіл
ТАҒЫЛЫМЫ

«АНА ТІЛІ»



**АХМЕТ
БАЙТҰРСЫНОВ**

**ТІЛ
ТАҒЫЛЫМЫ**

(қазақ тілі мен оқу-ағартуға
қатысты еңбектері)

АЛМАТЫ «АНА ТІЛІ» 1992

ББК 81.2 Каз.

Б 17

БАСПАҒА ҚАЗАҚ ССР ФЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАРЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ ӘЗІРЛЕДІ.

Жалпы редакциясын басқарғандар — филология ғылымдарының докторлары, Қазақ ССР Фылым академиясының корреспондент мүшелері Рәбига Сыздыкова мен Шора Сарыбаев

Кұрастыруышылар: Гарифолла ӘНЕСОВ пен Аманқос МЕКТЕПОВ

Араб жазуынан қазіргі жазуға көшірісіндер:
Ж. Нәлібаев, Ж. Есеналиева, А. Төлегенов

Байтұрсынов А.

Б 17 Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға катысты еңбектері) — Алматы, «Ана тілі», 1992, 448 бет.

ISBN 5-630-00007-1

Ахмет Байтұрсынов — қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына ариалған алғашқы әліппелер мен қазақ тілі грамматикасын танытатын түнгіш оқулыктардың авторы, қазақша сауат аштыру мен қазақ тілін пән ретінде оқыту әдістерін баяндайдын қуралдардың да иесі. Бұл кітапта сол оқулықтар мен методикалық қуралдардың колда бар басылымдарының текстері толық ұсынылып отыр. Сонымен бірге авторларың қазақ жазуы (графикасы), емлесі, терминологиясы жайында жазған макалалары, сөйлемеген сөздері мен қазақ жеріндегі оқу-ағарту мәселелеріне ариалған еңбектері де енеді. Бұлардың барлығы дерлік араб жазуынан қазіргі қазақ жазуына көшіріліп беріледі.

Б 4602020400—031
405(05)—92 051—91

ББК 81.2 каз.

ISBN 5—630—00007—1

(C) Байтұрсынов А.. 1992

А. Байтұрсынов оқулықтарының бірнеше басылымы (кейбірі 6—7 реттен) болғаны мәлім. Мұнда бұлардың бір басылымы гана ұсынылды, тек «Тіл — құралдың» фонетикаға ариалған I бөлімінің ең алғашқы 1914 жылғы және 1925 жылғы 5-басылымы салыстыру үшін қатар жіберілді. «Тіл — құралдың» 2-бөлімінің 1915 жылғы түнгыш басылымы ұсынылып отыр. «Оқу құралы» мен «Тіл — құралдың», «Баяншы» мен «Сауат ашқыштың» барлық жылларданың басылымдары қолымызға түгел түспегендіктен, олардың арасындағы айырмашылықтар көрсетілген жок. Бұл — ариайы жүргізілетін келешектің ісі. Ал айырмашылықтар бар. Ол өзгерістер оқулықтардың құрылымынаң ғөрі, мазмұнында: талдауларда, терминдер мен жеке сөздердің колданысында, иллюстративтік материалдарда кездеседі. Мысалы, осы кітапта ұсынылып отырган 1-жылдық «Тіл — құралдың» 1914 және 1925 жылғы басылымдарының салыстырып қарасақ, «Алғы сөздің» өзінде айырмашылықтар бар. «Кітаптың «Тіл — құрал» деген аты қандай жат көрінсе...» деп басталатын тақыстыру ең алғашқы басылымдарда орын алса, 1925 жылғыда бұл жок, өйткені 1914—1925 жылдар арасында «Тіл — құралдың» аты да, заты да қазак жүртшылығына жат көрінбек түгіл, етепе жақын, баршага мәлім дүние болып кеткен-ді. Сондай-ақ алғашқы басылымда автор әріп иен дыбыс деген атауларды ажыратпай, дауысты әріп, дауыссыз әріп деп қолданған болса, кейін дауысты, дауыссыз болатындар әріп емес, дыбыстар екенин түсініп, түзетеді. Дыбыстардың класификациясында да өзгешеліктер бар: 1914 жылғыда сонор *у* мен *ә* дыбыстары жарты дауыстылар деп көрсетілсе, 1925 жылы бұлар дауыссыздардың қатарында берілген немесе 1914 жылғы оқулықта үяң дыбыстар деп *ж*, *р*, *з*, *л*, *м*, *н*, *ң* дыбыстарын көрсетсе, 1925 жылы үяң деп *м*, *н*, *ң*, дыбыстарын атайды (сіра, автордың үяң деп отырганы осы құнғы үнді немесе сонор дыбыстар дегеніміз болар). Мұндағы өзгерістер зерттеушиңің іздену үстінде болғандығын көрсетеді.

Автордың екі кітабы өзірігे Алматы, Москва, Ленинград, Уфа қалаларының кітапханаларынан табылмады. Олар: «Нұсқаушы», «Әліппе астары».

А. Байтұрсынов мұрасы араб жазуымен сақталғаны мәлім. Казіргі қалың жүртішілік бұл жазуды оқи алмайтындықтан, ғалым мұрасы түгелімен казіргі графикага көшіріліп беріліп отыр. «Әліппе» оқулықтарындағы әрітерді немесе бұындарды үйреткен түстарында араб әрітерінің таңбалары жазылды, олардың осы құнғы баламасы жақша ішінде көрсетіліп отырды. Осы оқулықтардағы текстердің арабша жазылуды берілген жок. Графиканы сез еткен макалаларында да араб таңбалары көрсетілді.

Үстіміздегі гасырдың 10—20-жылдарындағы қазак әдеби тілінің лексикалық жөнде орфографиялық нормаларында қазіргіден өзгеше түсестін түстар бар. Мысалы, осы құнғы қолданысымызда *сурет*, *дәреже*, *және*, *өйткені*, *сойткені*, *әйткін*, *сөйткін*, *хат*, *халық*, *хабар*, *лақ*, *ру*, *рас* түрінде жазылуы нормага айналып калыптасқан сөздер А. Байтұрсынов кітаптарында немесе сол кездегі бағасөз беттерінде *сүгірет*, *даражма*, *жана*, *үйткені*, *сүйткені*, *үйткін*, *сүйтін*, *қалық*, *қат*, *қабар*, *ұлақ*, *ұру*, *ырас* вариантында жиі қолданылған (ал 1912—1915 жылғы басылымдарында *хат*, *халық*, *һәм*, *һәр* т. б.). Бұл тұлғалар түниуска бойынша жазылды. Сол сияқты енді біркатор сөздер бірде *магана*, бірде *магына*, *хәріф*—*қарып*—*хәріп* түрінде екі-үш вариантта үшірасады. Бұлардың да әр кітаптағы жазылу түрі сақталғаны ескертеміз. Бірге, болек, дефис арқылы жазылатын сөздердің біркаторы қажет жерлерінде түниүскадағы қалыптаң сактап жазылды, ал көпшілігінде қазіргі жазу нормасымен жіберілді. Мысалы, *ар* *қайсы*, *алып сатар* деген жазылған сөздер *әрқайсы*, *алыпшатар* деп қосылғын жазылды. Сол сияқты араб жазуымен ишкекан кітаптар мен газет-журналдарда екі түбірден жасалған адам, жер-су аттары көбінесе болек, кейде дефис арқылы жазылған болып келеді (*Тор айыр*, *Кара Жеіт*, *Қызыл-Орда*), бұл кітапта жалғыз есімдер түниүскада қалай жазылғанына қарамастан, осы құнғы емле нормасы бойынша бірінің жазылды.

Казіргі оқырмандарға түсінікті болуы үшін кейбір басылымдарда *ғораб*, енді біреулерінде *арап* түрінде жазылған сөз осы құнғы көзіміз үйренген араб тұлғасында жазылды. А. Байтұрсынов ұсынған қазак жазуында осы құнғы дара *и* дара *у* әрітерімен таңбалапатын түстар *ый*, *ий* (әйи), *үү*, *үү* (үү).

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

(Өмірі мен қызметі туралы)

Қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы ғалым, Үбырай Алтынсариннен кейінгі еңбекі ерекше ағартушы-педагог, сөз құдіретін танытқан тамаша ақын, қазақ баспасөз тілінің ұлттық үлгісін көрсеткен талантты публицист, туған халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған мәдениет қайраткері, жас соғыс үкіметіне адал қызмет еткен ірі қорам қайраткері Ахмет Байтұрсынов 1873 жылы 28(15) қаңтарда сол кездегі Торғай уезіне қарасты Тосын болысының 5-ші аулында, Сарытүбек деңгей жерде (қазіргі Қостанай облысы, Торғай ауданы, күні кешеге дейін «Южный» деп аталған, ал бұл күнде Ахмет Байтұрсынов атындағы совхоз орналасқан жерде) дүниеге келген. Экесі — қарапайым шаруа адамы Байтұрсын Шошак баласы арғын Үмбетей батырдың инемесі. Шошактың төрт ұлы болған. Олар: Байтұрсын, Ақтас, Ерғазы, Данияр. Бұлар жаратылысынан қажырлы, памықор адамдар болғанға ұқсайды. Сондыктan болар, Байтұрсын жергілікті әкімдермен көп сыйыса бермейді, тінді уезд басындағы билеушілердің зорлық-зомбылығына көнбейтіндігін көрсетеді. Сол үшін уезд басындағы полковник Яковлев 1885 жылдың казан айының 12-сінде Жыңғылданың бойында отырған Шошак аулына келіп, ағайынды Ақтас пен Байтұрсынды ұстамақ болады. Сол сэтте ауылда болмай шыққан Ақтасты «тауып бермейдіцдер» деп елге ойран салады, әйел, бала-шағаға дейін сабап, бастарына камшы үйіреді. Ояз бен оның әскерінің бұл бассыздығына шыдай алмаған Байтұрсын Яковлевтің өзін атынан аударып алып, қамшының астына алады, иөкерлерін ауылдан қуып шығады. Эрине, қарапайым «жабайы киргиздің» бұл қылғы жауапсыз қалмайды. Көп ұзамай ауылға жазалаушы отряд шығын, ауылды өртеп, мал-мұлқан талаң, бала-шағаны шуллатып, еркектерді ұрып-соғып, ағайынды Ақтас пен Байтұрсынды, Ерғазыны үстап алып кетеді. Оларды Қазаниң келген Әскери сот сottайды. Байтұрсын мен Ақтас бірқатар туыстарымен 15 жылға Сібірге каторғіге айдалады.

Ақтас пен Байтұрсының балаларын Шошактың үшінші ұлы Ерғазы қамқорлығына алады: Ақтастың баласы Аспандияр мен Байтұрсының баласы Ахметті Торғайдагы екі кластық орыс —

рын шығады. Ал 1909 жылы 1 шілдеде оны Семей губернаторы Тройницкийдің жарлығымен жандармия тұтқынға алып, әуелі Қарқаралы түрмесіне, кейін Семей түрмесіне қамайды. Оны түрмеде ешбір тергеусіз сегіз ай бойы ұстал, акырында 1910 жылдың 21 ақпанында екі жылға туған жері топырағынан кетуге үйғарылады, яғни административтік түрде жер аударылады.

1910 жылдың 9 марта Орынборға келіп, А. Байтұрсынов 1917 жылдың соңына дейін сонда қызмет етеді. Ұфадағы «Фалия» мәдресесінде оқып жүрген қазак жастарының, Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, «қазактың ерте оянған тобының» инициативасымен, елдең қаржы жиналып, 1913 жылы «Қазақ» атты газет шығару үйғарылады. Газеттің редакторлығына А. Байтұрсыновты қалайды. Сөйтіп ол 1913 жылдың басынан 1917 жылдың соңғы айларына дейін осы органның редакторы болып қыруар еңбек стеді.

Бес жылдай (1913—1918) уақыт өз қаражатымен, сол кезең үшін үлкен тиражбен (8000 дана) шығып тұрған «Қазақ» газеті ең алдымен қазақ халқының үлттық азаттығы мен мәдени-әлеуметтік дамуы үшін күрескен және қазақ қоғамының муддelerін көздейтін проблемалар көтеріп, оларға әлеуметтік үн бере білген орган болды. Газет әсіресе тіл мәселесін бірінші орынға койды. Қазақ тілін сақтап, әрі қарай дамыту керектігін, ол үшін қазақ балалары сауатын ана тілінде ашып, ана тілінде оқу керектігін, үлт мектептеріндегі оқу-тәрбие ісін дұрыс жолға қою қажеттігін жиі жазды.

Патша үкіметінің өз кол астындағы халықтарға қатысты саясатына, әкімшілік тәртіпперіне қарсы пікір айтып, шындықты жазғағы үшін жергілікті үкімет орындары тарарапынан бұл газетке бірнеше рет штраф салынады, редакторы түрмеге жабылады. Әрине, бұл газет өзінің бес жылдық өмірінің ішінде бастаң-аяқ біркелкі бағытта болған жок, оның беттерінде әрдайым прогрессивтік, демократтық сипаттағы материалдарға орын алып қойған жок. Дегенмен әр құбылысты, әр нәрсені қазіргі өлшеммен емес, өз кезеңіндегі мән-маңызына қарап бағылау керек деген марксизм-ленинизм қағидаларына сүйенсек, «Қазақ» газетінің халқымыздың мәдениет тарихында елеулі орын алуға тиістігі көрінеді. Оның үстіне, тілі мен стилі жағынан бұл газет — революцияға дейінгі қазақ баспасөзінің ішінде ең бір жақсы үлгісінің бірі, ол әсіресе қазақ әдеби тілінің нормаларын қалыптастырып, таза сақтап отырған, қазақ публицистика стилін жетілдіре түсken орган болды. Мұнда редактордың саналы түрде жүргізген жұмысы мен сіңірген еңбегі көзге түседі.

А. Байтұрсынов 1917 жылдың соңында газеттен кетіп, осы кезден бастап 1919 жылдың науырызына дейін «Алаш» партиясының жұмысына араласады, «Алашорда» атты уақытша халық кеңесінің (үкіметінің) оқулықтар жазу жөніндегі Комиссиясының құрамында қызмет етеді. «Алаш» — жылдың орта түсінде

береді, лекция оқиды. 1928 жылдың соңында, қыркүйек айында Алматыда Қазақ мемлекеттік университеті деп аталған жоғары оқу орны ашылады. Бұған сабак беруге Москва, Ташкент сияқты орталықтардан мамандар шақырылады. Солардың бірі болып Ташкенттен А. Байтұрсынов келеді. Қазақ мемлекеттік университеті директорының 1928 жылғы қазан айының 15 жүлдэзындағы № 14 бүйрекімен осы жылғы казанның бірінен бастап Ахмет Байтұрсынов қазақ тілі мен әдебиетінің профессоры болып жұмысқа алынады. Бұл жоғары оқу орны осылайша «университет» деп (КазМУ) 1930 жылдың 24 желтоқсанына дейін аталып келіп, 1930 жылғы желтоқсаның 25-сіндегі бүйрекін (№ 114) «Қазақтың мемлекеттік педагогикалық институты бойынша» деп жариялады. Бұл кейінгі Абай атындағы пединститут (КазПИ) еді.

ҚазПИ-де А. Байтұрсынов 1929 жылғы шілденің 5 жаңасына дейін істейді. 1929 жылдың маусымының 2 күні тұтқынға алынғандықтан, қызметтөн босату туралы ректордың бүйрекі шыгады. Ал тұтқынға алыну тарихы мынадай еді.

1920-жылдардың соң кезіндегі Қазақстан Компартиясының Бірінші хатшысы Ф. И. Голощекин 1919 жылғы ВЦИК-тің қаулысына және В. И. Лениннің «қөшпелі халықтардың малын тартып алып, кедейлерге бөліп беруге асықпау керек» деген ескертпесіне қарамастан, 1928 жылдың күздінде Қазақстанда малмұлік конфискациясын жүргізіп, әрі қарай астық дайындауды тездетеу максаты деп «Голощекиннің қызыл керуені» деген науқанды іске асырғаны, сөйтіп, қазақ елін мейлінше тонап, ашаршылыққа ұшыратқаны белгілі. А. Байтұрсынов қазақ даласында жүргізілген бұл конфискацияны жүтпен бірдей деп ашық айтты. Сұлтанбек Қожанов: «Жетті [елді] күйзелтулер!» деп тікелей наразылық білдірді. «Кіші Октябрь» деп аталған осы саясатының теріс болғанын сезген Голощекин өзіне қарсылық білдірген қазақ қайраткерлері мен интеллигенттеріне «ұлтшыл» деген айып тағып, олардың көзін біржола жоюды қолға алды. Әсіресе революцияға дейін қалыптасқан қазақ интеллигенттеріне шүйіліп, ОГПУ олардың 30-ға жуығын қамауға алады. Солардың бірі -- «ұлтшылдардың рухани көсемі» Ахмет Байтұрсынов 1929 жылдың 2 маусымында ұсталып, өзі Архангельск облысына, ошак-басы жұбайы Александра (Бадрисафа) мен кызы Шолпан Томск облысына жер аударылады.

Дүниежүзілік Қызыл Кресте М. Горькийдің жұбайы Е. П. Пешкованың жолдаған өтінішімен А. Байтұрсынов 1934 жылы мерзімінен бүрін айдаудан босанып, туған елінің астанасы Алматыға қайтып оралады. Бірақ ешқандай дұрыс жұмысқа орналаса алмайды, ғылыми немесе оқу-ағарту істеріне ара-ластирылмайды. Қөп ұзамай 1936—1937 жылдардың зобалаңы басталып, НКВД органдары А. Байтұрсыновты екінші рет үстап, көзін жояды. Бірқатар мәліметтерге қарағанда, 1937 ж. желтоқсанының 8 күні атылған.

Жариялышың пен демократия, әділеттік пен занылышың бел

ала бастаган бұл күндерде сталиндік режимнің құрбаны болған, жазықсыз жазғырылып, еңбегі еш, тұзы сор болған, кезінде халқына, жаңа қоғамға адал, еш риясyz қызмет еткен абыл жаңдардың есімі туған халқына қайырылып отыр. «Керуен тонап, кісі өлтірмеген», банды үйимдастырып, басмашы болмаған, колына қару алып, ешкімге оқ атпаған, жаңа советтік құрылышқа, коммунистік идеологияға қарсы қастандық әрекеттер жасамаған Ахмет Байтұрсыновты Қазақ ССР-інің Жоғарғы Соты 1988 жылғы қарашаның 4 күні ешбір қылмысы жок деп тауып, оны толық актау жөнінде шешім қабылдады. Ал Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бюросы 1988 жылы желтоқсанның 28 күні М. Жұмабаевтың, А. Байтұрсыновтың, Ж. Аймауытовтың қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық жөне әдеби қызметтері жөніндегі тарихи шындықты толық көлемінде қалпына келтіру қажет дегенді үйғарды. Сонымен катар бұлардың өмірі мен творчествоның қызметі жөнінде зерттеулер жүргізіп, мақалалар жариялау, насиҳаттау, әдеби-ғылыми мұраларын басып шығару тапсырылды. Міне, Ахмет Байтұрсынов кешкен өмір еткелдері, тар жол тайғақ кешулсерінің кыскаша сырьы осындай.

А. Байтұрсынов — ағартушы. А. Байтұрсынов оқу-ағарту ісін өзінің азаматтық міндеті мен өмірінің мақсаты деп санаған. Ол 1911 жылдың өзінде:

Ізыңдап үшқан мынау біздің маса,
Сап-сары, аяктары үзын маса.
Өзіне біткен түрі өзгерілмес,
Дегенмен қара я қызыл маса.
Үстінде үйіктағанның айнала үшып,
Қақы жеп, қанаттары бұзылғанша.
Үйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Коймастан күлағына ызындаса,—

деп, білім-ғылымнан кенже калған, мал бағып марғау жатқан қазақ халқын сол қаранғылықтан маса болып ызыңдап оятып, алып шығуды курес жолының мақсаты етіп қояды. Бұл мақсатын өлеңдерінде де, публицистикалық мақалаларында да бейнелі тілмен жақсы білдіреді: «Надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжала жерде улестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз — бәрі надандық кесапаты» деп тіпті батыра айтады.

Оның қазақтар үшін өз алфавитін жасау әрекетіне де, тікін зерттеп оқулықтар жазуына да, тыңдан жол салып, бай терминалогия дүниесін жасауына да, тілті қоғамдық-әкімшілік үшерінде араласуына да алып келген — өзі діттеген ағартушылық мақсаты деуге болады.

А. Байтұрсыновтың ағартушылықка байланысты білдірген ойлары мен істеген істері тек оқу-білімге шакырумен тынбайтты. Ол қазақ даласындағы мектептердің жайын, бала оқытуудың

жолдарын газет-журналдар беттерінде нактылы сөз етеді, әсіресе бұл реттегі Қазан революциясына дейінгі хал-жағдайды жақсы көрсетеді. 1913 жылы «Қазак» газетінде «Оқу жайы» деген бас мақала жарияланады. Мұны жазған А. Байтұрсынов болатын. Бұл мақалада оқу-білімнің қажеттігін халықтың экономикалық түрмис жағдайымен байланыстырып дәлелдейді: «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, ал сол шикізаттан жасалған өнімді 2—3 есе қымбат түрде сатып алады. Бұл — надандықтан келген кемшілік», — дейді. «Надандық» деп отырганы, әрине, білім-ғылымнан қалыс қалушылық. Ал қалыс қалуға үлкен себеп — қазак жерінде мектептер өте аз дейді. Оның үстіне сол мектептерде бала оқытатын мамандардың да өте тапшы екенін ашып айтады. Оның тапшы болу себебінің бірі — оқытушылар даярлайтын оқу орындарына, мысалы, Орынбордағы Учительская школаға қазына есебінен (яғни стипендия алатын) 7—8 орынға берілетіндігі, оқуға түскісі келген балалар өз қаражатымен оқуға тиіс болатындығын айтады. Қаражаты бар ауқатты қазактар баласын ақша жұмсап оқытуға ынталы еместіктен, кедейлердің шамасы келмегендіктен, сол школаға жылына оқуға түсуге 50—60 бала келсе, солардың тек төртеу-бессеуі ғана түсетіндігін баяндайды (Орысша оқушылар [бас мақала]. — «Қазақ», 1913, № 26, 15 тамыз).

Қазақ халқы қараңғы дегендे, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан құтқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін «алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе?» деп келісті сауал қояды.

Балаларға білім берудің бірінші басқышы — бастауыш мектеп. Сондықтан А. Байтұрсынов оқу-білімнің осы бірінші сатысына қатты назар аударады. 1914 жылы «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласын жариялады. («Қазақ», 1914, № 61, 9 мамыр). Мұнда автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керек деген мәселе қойып, сол кездегі қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жай-жағдайы мәз емес екендігін, оларда программа, оқу құралдары дегендердің жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін айтады. Бастауыш мектеп миссионерлік саясаттан аулак болуы керек дей келіп, халық сауатын ана тілінде ашуы керек, атап айтқанда бастауыш мектеп бес жылдық болсын, алғашқы үш жылда балалар ана тілінде, кейінгі екі жылда орысша оқысын деген үсініс білдіреді. Бастауыш мектептерде: оқу, жазу, дін, үлт тілі, үлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа-кәсіп, жаратылыс [тану] пәндері жүретін болсын деп иacketы айтады.

Оқу мәселесін А. Байтұрсынов жан-жақты сөз етеді. Бірде: «Қазакта балаларды оқытатын әзірге жосықтар (программалар) мен кітаптар (окулықтар) жоқ» дей келіп, оларды жазу қажеттігін жөнде аринаулы педагогтік білім алатын оқытушылар даярлау керектігін жазса, енді бірде, «білімнің бас құралы — кітап» деп, «білім конкурсы» дегенді жариялау арқылы да оқу-ағартуды жантандыруға болатынын айтады.

жазу таңбалары (графикасы, сол кездегі термин бойынша «әліпбій») бар ма, екіншіден, оқыту жүйесі жолға қойылған, үкімет тарапынан ашылған мектептер бар ма, үшіншіден, ондай әліпбій мен мектебі болған қунде қазақ тіліндегі «Әліппесі» («Букварь» окулығы) мен ана тілі окулықтары («Грамматика» кітаптары) бар ма, баланы ана тілінде оқытудың тиімді едістері қайсы — міне, осыларға назар аударады. Әрине, бұлардың бірде-біреуінің жоқ екенін біледі және осыларды дүниеге келтірмейінше, жүзеге асырмайынша, қазак даласындағы оқу-ағарту ісін дұрыс жүргзу мүмкін емес екендігін жақсы түсінеді. Енді ол «барымен базар» болып, қунделікті бала оқытумен қатар, жоғарыда айтылған жоқтарды түгендеуге кіріседі. Атап айтқанда, А. Байтұрсынов 1910-жылдардан бастап қазақ жазуымен (графикасымен) айналыса бастайды. Сол қунге дейін өзге түркі халықтары сияқты, қазактар да пайдаланып отырған араб таңбалары таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы емес екендігін біліп, оны қазақ тілінің дыбыс жүйесіне икемдец, кайта тұзуді қолға алады. Ол үшін алдымен қазақ тілінің фонетикалық құрамын зерттеуге кіріседі.

1929 жылы 1 мамырда өз қолымен жазған (орыс тілінде) өмірбаянында «1901 жылдардан бастап, бала оқытқан кездерден бос уақыттарымда өз бетіммен білімімді толықтырдым, әдебиетпен шұғылданым. Ал Орынборға келгеннен кейін ең алдымен қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылышын зерттеуге кірістім. Одан кейін қазақ алфавитін және емлесін ретке салып, женілдету жолында жұмыс істедім. Ушіншіден, қазақ жазба жұмысын бөгде тілдік қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылышын өзге тілдердін [жағымсызы] әсерінен тазартуға әрекеттендім. Төртіншіден, қазақ прозасын (яғни іс қағаздар тілін, публицистика мен ғылыми тілін) жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтың сөйлеу тәжірибесіне икемдеу үшін, ғылыми терминдерді жасауға кірістім және стильдік өндеше үлгілерін көрсетумен шұғылданым» деп жазады (Архив КазПИ им. Абая. Опись Л—1, связка № 6 «Б», д. 209).

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен оны таңбалайтын әріптер туралы пікірлерін ол 1912 жылдан бастап «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттерінде білдіре бастайды. «Айқаптың» 1912 жылғы 9—10 нөмірлерінде «Шаһзаман мырзаға» атты көлемді макала жазып, онда қазақ дыбыстарын білдірмейтін **‘وْ يَ’** және жуан **تَ**, **سَ**¹ сияқты араб таңбаларын қазақ алфавитіне енгізбеу керектігін, сөздің тұтас жіңішкелігін білдіру үшін оның алдына дәйекші дейтін таңба **(۱)** қою қажеттігін дәлелдейді. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 34-інші және әрі қарайғы сандарында «Жазу мәселесі» деген үлкен макала жариялады, онда кейбір дауысты дыбыстарды **(۴ وْ فَ يَ وْ يَ)** таңбалаш жайындағы өзінің пікірлерін айтады.

¹ Араб тіліне гана тән кейбір дыбыстар берілмеді.

А. Байтұрсыновтың осы баяндамасын және латын таңбалары алушы қостаган Нәзір Төрекұловтың баяндамасын талқыланп, екі алфавиттің он-теріс жақтарын сарапқа салып қарағаннан кейін, съезд: «Қазақ тұтынып отырған түрік (араб таңбалы) әліпбінің баспа түрінің дара болмауы баспа ісіне де, үйрету жағына да қолайсыздық қылатын болғандықтан, ол қолайсыздықтан құтылу үшін түрік әліпбінің өзін түзету өзге әліпби алушан анағұрлым оңай болғандықтан, түрік әліпбінің жазба түрін осы күйінде қалдырып, баспасын дара түрінде алу керек» деп А. Байтұрсынов реформалаған және баспа түрінің де вариантын ұсынған араб жазуы негізінде қазақ алфавитін қабылдау керек» деген қарар ұсынды (Қазақ білімпаздарының тұнғыш съезі. Орынбор. 1925).

Сейтіп, А. Байтұрсынов реформалаған араб жазуы өз кезеңінде қазақ мәдени дүниесінде үлкен роль атқарған, қалың көвшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына игілікті қызмет еткен, прогрессивтік құбылыс болды. А. Байтұрсыновтың бұл тәжірибелесін сол кезде өзге түркі халықтары, мысалы өзбектер мен татарлар үлгі етіп тұтып, олар да өз жазуларына реформалар жасай бастады.

Ғалым ширек ғасырдай күш жұмсал, тер төккен бұл еңбекін, яғни реформаланған қазақ жазуын қорғап, бұл жазу қазақтың мәдени талаптарын әбден етей алады деген көзқарасын латынға көшу жайында үлкен әңгіме басталғанда, 1926 жылы Баку қаласында өткен Бүкілодактық Бірінші Түркологиялық съезде барынша дәлелдеп, қазактардың латынға кешуіне қарсы болды. Бұрыннан пайдаланып келген, әрі нақтылы бір үлт тіліне лайықталып, реформаланған араб (мысалы, қазактардің кі сияқты), не орыс (мысалы, сол кезде чуваштар қолданып отырған) графикасын латыншаға ауыстырудың ешқандай не саяси-идеологиялық, не экономикалық тиімділігі жоқ, сауат аштыру, оқыту ісінде де лайықталған араб графикасы мен қабылданбақшы латын жазуының бір-бірінен артық-кемдігі шамалы, керісінше, жазу таңбасын өзгерту сан ғасырлық жазба мұрадан, жазба дәстүрден қол үздіреді дегенді айтты. Бұл жерде А. Байтұрсыновтың концепциясынан үлтшылдық, пантюркистік немесе советке қарсылық іздеу мүлде қисынсыз: араб жазуы арқылы ислам дінін уағыздауды ол көздеген жоқ, өйткені ол дін қамқоршысы емес, пантюркистік пиғылды болды деу де орынсыз, өйткені ол, керісінше, қазақ үлттының, қазақ тілінің дербестігін (қазактардың «іргелі жұрт» екендігін) қатты қолдаган адам, үшіншіден, бұл жердегі ғалым әрекетінен антисоветизм іздеу де нанымсыз, себебі жазу таңбасының түрі идеологияның мазмұны мен бағытын өзгерте алмайтындығын Байтұрсынов та, өзгелер де, казіргі біздер де жақсы білеміз. Демек, ғалыминың араб жазуын жақтаудағы мақсаты — осы съезлегі және 1924 жылғы қазақ білімпаздарының тұнғыш съезіндегі сөздеріне қарағанда, 12—13 жыл бойы қолданылып, орны-

был қалған, қазақ тілінің дыбыстық табиғатына лайыкталып, өзгерілген, реңми түрде қабылданған алфавиттің қазақ жазуы мұқтаждығын тоłyқ өтеп отырғандығы, оның дыбыс әдісімен оқыту ісінде айтарлықтай қолайлы болып шыққандығы, полиграфиялық мүмкіндіктер жағынан да, экономикалық мүмкіндіктер түрғысынан да бүрынғы алфавитті сактау жаңаға көшуден ғөрі пайдалырақ екендігі.

А. Байтұрсынов бұл съезде айтқан пікірін одан кейін де, 1927 жылы Қызылордада жазу (графика) мәселе сіне арналған конференцияда («Әліпби айтысында») қайталап, дәлелдей түседі. Әрине, болар іс болып өткеннен кейін, оның үстіне совет үкіметі кезінде қолға алған шараларымыздың бәрі дұрыс, бәрі прогрессивтік болды деп өзімізді өзіміз шатастырып келген дәстүрімізге бақсақ, мүмкін, сол кезде латынға қарсы шыққандардың пікірін дұрыс емес деуге де болар, бірақ айналасы 14—15 жылдың ішінде қазақ, өзбек, татар т. б. сияқты көне мәдениетті ірі халықтардың үш түрлі графиканың бірінен соң біріне көшүі, әсіресе бас-аяғы 13—14 жыл ғана қолданылып, қайтадан ығыстырылған латын жазуының қаншалықты ұтымды болғаны, қандай пайдасы болғаны жайында ойлануға тұра келеді.

А. Байтұрсынов — қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмысаған адам. Сол үшін қазақша сауат ашатын әліппе құралын жазды. Ол «Оқу құралы» (қазақша әліфбә) деген атпен алғашқы рет 1912 жылы Орынборда басылды. Үстіміздегі ғасырдың 1910 жылдарынан бастап қазақ көғамында оқу-ағарту идеясының жандануына байланысты балалардың сауатын ашатын әліппе қуралдарын жасау қолға алына бастады. Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында бірқатар авторлардың (М. Нұрбаев, М. Малдыбаев, З. Ергалиев т. б.) қазақша әліппелері жарық көрді. Бірақ бұлардың көбі бірер басылымнан артық жарияланбай, кеңінен қолданыс таба алмады. Солардың қатарында шықкан А. Байтұрсыновтың әліппесі — «Оқу құралы» 1912—1925 жылдар арасында 7 рет қайта басылып, оқу-ағарту жұмысында ұзағырақ әрі кеңірек пайданылды.

«Оқу құралы» а (1), р (2), з (3) тацбаларын танытудан басталады. Кітап бетінің төменгі түсындағы сілтемеде хат таныту жолы көрсетіліп, сабак әдісі коса беріледі. Барлық әріптерді өтіп болған соң, танымдық материалдар ұсынылады. Мысалы, «Тұысқан-туған іліктес» деген тақырынта *ата*, *баба*, *ана*, *әже*, *шеше*, *аға*, *іні...* деген сөздер беріледі. Сол сияқты киімдердің, ойындар мен ойыншықтардың т. б. атаулары ұсынылады. Және бір көңіл аударатын жері — автор - балаларға лайық тілмен жазылған, тәрбиелік мәні бар жұмбак-жаяуптарды, мақал-мәтеддерді, шағын өлең текстерін береді. 96 беттік бұл оқулық «Ұсақ әңгімелер» деген атпен авторлың өзі құрастырылған 24 шағын текстен және «Балалық күй» атты өлең мен аяқталады.

Тұңғыш басылымы 1912 жылы жарық көрген бұл әліппе ке-

йін де бірнеше рет басылған, оның 1925 жылғы басылымы 7-нші деңгээлден көрсетілген.

А. Байтұрынов 1926 жылы «Әліппенің» жаңа түрін жазады, бұл осы күнгідей суреттермен жабдықталған оқулық болды. Ол «Жаңа әліп-би» Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткішіндегі (Қызылорда, 1926) былайша бағаланады: «Жаңа құрал. Қазақ тұрмысына үйлесімді сүгіреттері бар. Емлесі жаңа. Қазақстан Білім ордасы мектептерде қолдануға үйргарған... Ахметтің 7 рет басылған бұрынғы «Әліп-би» («Оқу құралы») қазақ жүртінде орасан көп пайда келтірген еді... Бірақ соңғы кездерде жаңа тәртіpler шыға бастағаннан кейін ол «Әліп-би» әдіс жөнінен де, мазмұн жағынан да ескірген. Мынау жаңа «Әліп-би» бұрынғысынан қай ретте болса да артық. Бұл «Әліп-би» мазмұны қазақ жағдайына қарай, Мемлекет Білім Кеңесінің жаңа программасына үйлесімді болып шыққан. Әнгімелері балалар үшін қызық, женіл, заманға лайық. «Әліп-би» көңілдегідей болып шыққан» (Білім кеңесі).

А. Байтұрынов тек мектеп оқушыларына ғана емес, ересектердің сауаттарын ашуға арналған «Әліп-би» де жазған (1924, 1926 ж. басылған).

1912 жылы мектеп балаларын қазақша сауаттандыратын әліппені («Оқу құралын») жазғаннан кейін, көп ұзамай енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. «Біздің заманымыз — жазу заманы... Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге, сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша бір-біріне қындастырып, жалғасатын жүйесін білу керек» болғандықтан, «қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен катар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйрету керек» («Тіл — құрал», I тіл танытқыш кітап, Сөз басы) дегенді өзіне міндет етіп алады да, сол міндетті атқару үшін «Тіл — құрал» деген атпен үш бөлімнен (үш кітаптан) тұратын оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған I-бөлімі алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. Одан әрі қарай жәндеп, толықтырылып бірнеше рет басылды. 1927 жылғы Қызылордадағы басылымы 7-нші деңгээлден көрсетілген.

Қазақ тілінің морфологиясына арналған II бөлімі бұдан да бір жыл бұрын 1914 жылы баспадан шыққан. Ол да қырналып, толықтырылып бірнеше рет (1927 жылғысы 6-басылым) қайта басылған. Синтаксиске арналған III бөлімі де 1916 жылдан бастап 6 рет басылған.

«Тіл — құрал» — қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс. Оның жалғыз тіл емес, өзге де пәндерден оқып-үйретін қазақша жазылған кітап, құрал дегендерді білмей-көрмей келе жатқан қазақ жүртшылығы үшін мүлде тың дүниесіндегін автордың өзі де ескертеді. Кітаптың «Сөз басында»: «Тіл — құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, үйткені қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жат көрініп, бірге-бірте бойы үйренген соң қалатын» дейді. Шынында да ол

жат болмақ түгіл, бірте-бірте соншама үйреншікті, қазақ балаларының бірнеше буынын тәрбиелеген, 14—15 жыл бойы мектеп оқушыларына ана тілінің табиғатын танытқан ет бауыр дүниеге айналды: «Тіл — құрал» десе жұртшылық қазақ тілі оқулығын, оқулық десе, тек қана Ахмет Байтұрсыновтың билетін болды.

«Тіл — құрал» түңғыш оқулық болумен қатар, бастауыш мектепке, яғни алғашқы 4—5 жыл оқытын шәкіртерге арналғанмен, бұл — қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеп, танытып берген, қазақ тіліндегі түңғыш ғылыми жұмыстың басы болды. Бұл оқулықтар — «қазақ тіл білімі» атты ғылым саласының ана тіліміздегі бастамасы және дұрыс жазылған, жақсы бастамасы. Өйткені қазақ тілінің дыбыстық құрамының классификациясы да, сөз таптарын ажыратып, сөз тұлғаларын көрсетуде де, сөздердің септелу, тәуелдену, жіктелу тәртібін танытуда да, сөйлем түрлерін ажыратуда да күні бұғінге дейін А. Байтұрсыновтың аталған оқулықтарының негізі сакталып келеді. Тілдік әр категорияның классификациясынан бастап, бүкіл терминдеріне дейін қазіргі мектеп грамматикаларынан А. Байтұрсыновтың оқулықтарының ізін табуға болады.

Қазақ тілін талдап-тануда Байтұрсыновтың еңбегін және бір тұрғыдан ерекше атау керек: ол — термин жасаудағы іс-әрекеті. Ғалым қазақ тілі фонетикасы мен грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша термин ұсынды. Осы күнгі қолданып жүрген зат *есім*, *сын есім*, *етістік*, *есімдік*, *одағай*, *устеу*, *шылау*, *бастауыш*, *баяндауыш*, *сөйлем*, *қаратпа сөз*, *қыстырма сөз*, *леп белгісі*, *сұрау белгісі* деген т. т. сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы Ахмет Байтұрсыновтікі. Бұлардың барлығы дерлік қазақ сөзінің не байырғы мағынасын жаңғыру (*өзгерту*), не жаңа тұлғадагы сөз жасау арқылы дүниеге келген атаулар, көбі жасанды сөздер. Сонының жасандылығына қарамастан, әрқайсысы сол өзі атап тұрған тілдік категорияны дәл білдіретін термин (*пән сөзі*) болып шыққан. Бұлардың өте сәтті жасалғандығын күні бұғінге дейін қолданылып келе жатқан өміршендігі дәлелдейді.

Байтұрсынов терминология мәселесіне қатты назар аударған. Ол тек тіл білімі саласы емес, әдебиеттанудың да көптеңген терминдерін жасағаны мәлім. Бұлар да өте сәтті шыққан конымды атаулар болды. Сондықтан олар да күні бұғінге дейін қолданыс тауып келеді. Тіпті ұмыт болған кейбіреулері кайтадан өмірге келтіріліп отыр. Ғылымның тек осы екі саласы емес, жалпы мәдениетке, тарихқа қатысты әлеуметтік терминдердің де көшшілігі Байтұрсынов қаламынан туып, қазір авторы ұмытылып, жалпы халықтық қәнігі сөздер болып кеткенін де айту керек. Бұл салаларда оның термин жасаудағы ұстаған негізгі принципі — ең алдымен қазақ тілінің өз мүмкіншіліктерін пайдалану болды. Кезінде А. Байтұрсыновты жау етін танытуға күш салғандардың оған тағатын айыптарының бірі — «Байтұр-

сынов термин жасауда пурристік бағыт үстады, яғни қазақ тіліне орыс сөздері мен интернационалдық терминдерді жолатпауға тырысты» деген пікір болатын. Бұл да әрбір іс-әрекеттің бағыбына бармай, себебін ізdemей берілген солақай баға. Егер әрбір құбылысты, әрбір іс-әрекетті өз кезеңіне қарап, сол кезеңдегі жағдайға қарай тану керектігін мойындасақ, А. Байтұрсыновтың термин жасаудағы «қазақшылығының» негізі бар екендігін көреміз. үстаған принципі дұрыс екендігін танимыз. Ол принцип жас ғылым салаларының терминдерін жасауда қазақ тілінің өз мүмкіндігіне иек артуға негізделді. Сол кезең үшін бұл принциптің ұтымдылығы сауатын жаппай енді ашып, бұрын естіп-білмеген ғылым салаларының ұғымдарын енді-енді үгеруге кіріскең қазақ оқушысы мен оқырманына сол ұғымдарды мейлінше түсінкіті етіп жеткізу мақсатының көзделгендігінде. Жасанды болса да оқушының тез жаттығып, есінде жақсы сақтауына, әрі сол сөздің мағынасына қарап, терминдік мәнін өзі анғарып, үгеріп кетуіне мүмкіндік береді. Фалым осыны білген. Термин жасауда ана тіліміздің сөздік қазынасын мейлінше пайдалану — 10—20-иши жылдар түгіл, бүгінгі күнде де, яғни дүние жүзі ғылым-біліміне жанаңып, орыс тілін жақсы меңгеріп, сол арқылы интернационалдық лексика корына барып отырған қазіргі кезде де өнімді, басты амалдардың бірі екендігі белгілі.

Сонымен катар А. Байтұрсынов интернационалдық терминдерден де мұлде бас тартпағандығын да айту керек. Мысалы, 1912 жылдың өзінде «Айқаптың» беттеріндегі мақалаларында *грамматика, фонетика, морфология* деген халықаралық сөздерді қолданған. Әрі қарайғы жазғандарында көптеген интернационалдық терминдерді орыс тіліндегі қабылданған түрінде пайдаланғаны көрінеді. Мысалы оның қаламынан' шыққан мақалаларда *проект, дума, депутат, фракция, доктор, фельдшер, микроб, флот, корпус, батарея, шрапнель, солдат, пулемет, завод, телефон, телеграм* деген сөздерді кездестіреміз. Тіпті орайы келгенде өлең шумағында да европалық термин сөзді қолданудан қашпайды. Мысалы, «басында сәлде, аузында алда» молдалар туралы:

Бергнге ұжмақ,
Бермесе дозак
Деп үйретер халыққа.
Ұжмақтың кілтін
Алданың мұлкін
Арендаға алып па?—

дейді.

Фалымның тіл үйретуде жасаған еңбегі «Оқу құралы» мен «Тіл — құралды» жазумен шектелмейді. Ол қолданбалы грамматика дегенді де жазған. Бұл жұмысын «Тіл жұмсар» деген атпен екі бөлімді екі кітап етіп 1928 жылы Қызылордада жа-

рыққа шығарған. Жұмыстың III бөлімін де жазуға тиіс болғанмен, сірә, оны жазып жарыққа шығарып үлгермей, 1929 жылы ұсталып кеткені байқалады. «Тіл жұмсақдың» 35 беттік I бөлімі «Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын кітап» деп ұсынылған. I бөлімде, автордың көрсетуі бойынша, «әріптер мен әріп белгілерін, түрлі орында көбірек жұмсалатын сөз бөлшектері мен сөйлем бөлшектерін жаза білуді тәжірибе арқылы (яғни текстермен, сұрау — жауаптармен т. б.) жұмыс істетіп үйрету көзделген. Ал II бөлімде I бөлімдегілердің көбі қайта келеді, бірақ олар пысықтау ретінде смес, ондағы білімдерді тереңдетіп, аудандарын кеңейтіп, білдіру ретінде келеді». Кітапта окушыларға текстер ұсынылады, оларды көшіру, сұрақтарға жауап жазу, сөз туғызы сияқты тапсырмалар беріледі.

А. Байтұрсынов қазақ тілін оқыту методикасының да іргестасын қалаушы болып және саналады. Ол — қазақ тілінде дыбыс негізінде сауаттандыру әдісінің негізін салушы. Ол бұл салада 1910 жылдардан бастап 1927—1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жариялаған. Жазу таңбаларын (әріптерді) түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылдан бастап жарық көрген. Бұл методикалық құрал түңғыш әліппемен («Оқу құралымен») қатар дүниеге келгендігін автордың өзі білдіреді. Мұны дәлелдейтін және бір факт — осы «Баяншының» 1920 жылы Қазанда шықкан басылымында автор бұл құралды 14 жыл бойы бала оқытқан тәжірибесінен шығарып жазғандығын айтады. Ал оның бала оқытқан кезі — 1895—1909 жылдар болатын. Демек, «Баяншыны» ол 1910—1912 жылдары ұсынған. Бұл — көлемі жағынан өте шағын (не бары 15 беттік кітапша), бірақ нағыз методикалық құрал.

Сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын А. Байтұрсынов «Әліп-би астары» атты еңбегінде де көрсетеді. 1927—1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында «Ана тілінің әдісі», «Зерттеу мен сүгретшілік әдісі туралы», «Жалқылаулы-жалпылау әдісі», «Қай әдіс жақсы?», «Ана тілінің әдісі» деген методика мәселелерін сөз етегін бірнеше мақала жариялады.

Мектеп балаларына арналған оқулықтарында болсын, үлкендерге арналған «Сауат ашқышта» болсын А. Байтұрсынов иллюстративтік материалдарды ұсынуда үлкен тәрбиелик әрі тіл ұстарту мүддесін көздегені байқалады. Автор жалпы оқулыққа тән «женілден ауырға, онайдан қынға, жайдан күрдегі» деген принципті ұстағандықтан, 1-басқыш мектеп (яғни бастауыш мектеп) балаларына арналған материалдарды аса түсінікті етіп беруді көздейді, соңдықтан мысалдарды қазақ баласына таныс (үлкендердің аузынан сан рет естіп, құлактары үйренген) мақал-мәтеддерден, нақыл сөздерден, мысалдардан алады. Және олардың барлығы дерлік адамгершілікті, алалдықты, еңбек сүйгіштікті тағы да сол сияқты игі қасиеттерді үағыздайтын дидактикалық мәні зор мақал-мәтеддер, нақыл сөздер, өлең-жыр жолдары болып келеді. Ал белгілі

бір тақырыпқа лайыктап өзі жасаған текстер ауыл балаларының күнделікті тұрмысынан алынып, олардың арман-тілегін, талап-талпынысын т. т. танытатын шағын әңгімелер түрінде беріледі.

Иллюстрация ретінде көбірек келтірілген тұтас текстер «Тіл — құралдың» синтаксиске арналған З-кітабы мен ересектердің сауатын ашуға арналған әліппе — «Сауат ашқыш» деген кітапта орын алған. Бұларда автор Қожанасыр, Алдаркөсө әңгімелерінен бастап, халық аузындағы аныз-әңгімелерді, билер сөздерін, бұрынғы өткен ақын-жыраулар мұраларын, Абай, Ыбырай және өзінің өлеңдерін, аударма және төлтума мысалдарды, Жуковский, Красновский сияқты орыс ақындарынан жасалған аудармаларды, Ыбырай Алтынсариннің «Хрестоматиясындағы» кейір әңгімелерді, Нысанбай ақынның «Кенесары — Наурызбай» поэмасынан алынған үзінділерді пайдаланған. Бұл текстердің мазмұнында окушыға теріс тәрбие беретін, жамандыққа баулитын идея жоқ, керісінше, оқу-білімге, еңбекке шақыратын, адамгершілікті уағыздайтын жолдар көзге түседі. Сонымен қатар ересектерге арналған кітапта «Қазақ салты» (авторы Елдес Омаров), «Шаруа жайы», «Сиырдың сүтті белгілері», («Агроном» журналынан), «Кооперация» (авторы Қойайдарұлы) сияқты шаруа адамына қажет, ері танымдық мәні бар материалдар да берілген. Және осы оқулықта «Ленин» (авторы Сәрсембіұлы), «Ленин және ортақшыл партиясы» (авторы Жағыпар), «Қуанышты қүн» (қалың мәлдін, жөнене көп әйел алушылықтың жойылған қүні туралы, авторы Е. Сұлтанғұлы) сияқты көлемді текстер ұсынылған. Мұның барлығы оқулықтың ері білімдік, ері тәрбиелік мәні болуын көздеңдікті және бұл талапты автордың дұрыс орындағанын көрсетеді.

А. Байтұрсынов алған білімі, мамандығы жағынан профессионал лингвист емес еді. Оны тіл біліміне алып келген, жогарыда айтылды, оқу-ағарту ісін жолға қою, халықты жаппай сауаттандырып, көзін ашу, сол арқылы қазақ халқын үлттық тенсіздіктен құтқару мақсаты болатын. Маман лингвист емес тігіне қарамастан, Ахмет Байтұрсынов тілдің, оның ішінде қазақ тілінің табиғатын, құрылымдық категорияларын дұрыс аңғарған. Қазақ грамматикасын талдауда ол орыс лингвистикалық мектебінен сусындаған, бірақ туыстығы жағынан өзгешелепетін түркі тілдерінің (оның ішінде қазақ тілінің) құрылымында орыс тілінен (жалпы үндіевропа тілдерінен) ажыратылатын (яғни типологиялық) ерекшеліктері болуға тиіс екенін де жаксы сезген. Әрине, Байтұрсыновтың грамматикасы бүгінгі түркологиялық, жалпы лингвистикалық ғылым талабы түрғысынан келгенде, үлкен теориялық зерттеулер емес екендігі белгілі. Өйткені ол ең алдымен мұндай мақсатты көздеңген емес, екіншіден, мектеп грамматикасының өзін А. Байтұрсынов бастауыш (алғашқы 4—5 жылдық) мектеп оқушылары үшін ғана талдан танытты. Сондықтан «Тіл — қурал» қазіргі «Қазақ тілі

трамматикасы» (морфология, синтаксис) деп ұсынылып жүрген 5—7 класс окулықтарымен бірдей емес. Бұл күнгі мектеп программаларына сәйкестігі жағынан тіпті қазіргі 1—4 класс «Қазақ тілі» окулықтарынан да ерекшеленеді.

«Тіл — құралдың» әр белімі 6—7 реттен жарық көріп, алғашкы 1914—1915 жылдардан бастап 1927—1928 жылдарға дейін қайта басылып келді. Бұл мерзімнің ішінде, әрине, бұл окулықтар мұлде өзгеріссіз қалған жок. Автордың өзі әр басылым сайын өндеп, бұл окулықтарын 30—40 жылдарға дейін шығарып келген болса, сез жок, олар едәуір өзгеріп, қазіргі грамматикаларға жақындау түсінен болар еді. Дегенмен қазақ тілі сез тантарының, сез тұлғаларының, сез өзгерістерінің, сөйлем түрлерінің класификациясы тұнғыш берілген терминдерімен қоса Байтұрсыновтың талдауы негізінде беріліп келеді. Әрине, өзгешеліктер жок емес, ол өзгешеліктердің болуы заңды да. Мектепте үйрету сияқты практикалық мақсат көздей жасалған зерттеулер мен ғылым обьектісі ретінде теориялық негізде жүргізілген бүгінгі зерттеулердің арасында өзгешеліктердің болуы даусыз. Осылай жағдай фонетикалық талдаулар саласында да орын алады.

Сейтіп, А. Байтұрсынов өзінің алдына жүйелі программа қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақша сауат аштыруды мақсат еткен, бұл үшін әліппе — «Оку құралды» жазған; одан соң қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап, пән ретінде оқытып үйретуді мақсат еткен, бұл үшін үш белімнен тұратын «Тіл — құралды» жазған; үшінші — дұрыс сөйлеп, дұрыс оқып, дұрыс жазуды үйретуге көмектесетін және бір құралды жазуды ойға алған, бұл үшін «Тіл жұмысарды» жазған; төртінші — сауат аштыру, тілді оқыту методикасын жасауды міндеттіне алған, бұл үшін «Баяныны» жазған, «Әліппе астарын» жазған, бесіншіден — балалардың тілін үстартып, оларды көркем сезге баулуды көздеген, бұл үшін Т. Ш. Шонановпен бірігіп, үлкен хрестоматия (ол да «Оку құралы» деп аталған) құрастырған.

Міне, А. Байтұрсыновтың қазақ тілін зерттеудегі және окуағарту майданындағы істеген істері мен жасаған сибіргі осындаидай.

А. Байтұрсынов — қазақ әдебиетін зерттеуші. А. Байтұрсыновтың жас қазақ ғылымына еткен қызметі тек білімі саласында емес, әдебиеттану саласында да айрықша зор болды. Откен гасырдың II жартысында-ақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жарыққа шығару дәстүрі отандық филологияда бел алған үгілікті іс болды. Бұл дәстүрді әр халық интеллигениясының озат өкілдері жақсы қабыл алдып, өздері де ат салыскандары мәлім. А. Байтұрсынов та 1895 жылы «Тургайская газета-ның» бетінде, № 39, 24 қыркүйектегі санында «Киргизские приметы и пословицы» деген атпен материалдар жариялайды. Мұнда шаруашылық жайын ойлап, жазғы-қызықы, ертеңгі-кошқи ауарайын болжап айтқан 36 түрлі халық сезін береді. 1923 жылы «Ер Сайын» жырын Москвада жарыққа шығарады, оған алғы-

сөз жазып, түсініктемелер береді. 1926 жылы «23 жоктау» атты жинақ түзіп, оны да Москвада шығарады. Мұнда да казақ ауыз әдебиеті үлгілері берілген. Қазақ тарихының 400 жылын қамтитын мұндай үлгілерді жариялаудың мақсат-мәнісін кітаптың алғы сөзінде түсіндіріп кетеді.

Әдебиетке қатысты ой-пікірлерін білдірудің басы деп оның «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 39—41 сандарында жарияланған «Қазақтың бас акыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Бұл — ұлы Абайдың творчествосы туралы арнайы жазылған алғашқы енбектердің бірінен саналады. А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты көлемді еңбегі — әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына ариалған түсініш зерттеу жұмысы мен бүгінгі әдебиеттану саласының басы. Әрине, қазіргі ғылым дәрежесімен өлшегендегі, бұл кітап әдебиеттанудың бүкіл теориялық мәселелерін түгел қамтымағанмен, осы саладан қазақ оқырманына ұсынылған алғашқы таным-білім. Оның құндылығы да осында. Мұнда да автор әдебиет теориясына қатысты көптеген мәселелерді өзі талдап-танағып, әдебиет категорияларының терминдерін өзі ұсынады. Бұл терминдер де күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығын көреміз.

Фалымның ауыз әдебиеті мұраларын халықтың рухани қазынасының сарқылмас көзі деп тануына және әдебиетті зерттеп, теориясын сөз стуіне оның сөз өнерін, жалпы өнер атауларын, оның ішінде музыка өнерін сүйе білгендігі себепкер болған. Ахмет Байтұрсынов музықадан мол хабары бар, оны тани білетін адам болған, өзі жақсы домбырашы да болған, пианинода да ойнай білген. Қазақтың музықа өнерін түсініш зерттеп, әлемге танытуыш атақты А. Затаевич «Қазақ халқының 1000 әні» деген 1925 жылы Орынборда шықкан кітабында Ахмет Байтұрсыновтың өз жұртының әндерін жақсы білетіндігін және ол әндерді тамаша орындайтындығын, әрі шебер домбырашы болғанын жазады.

А. Байтұрсыновтың тіл мен әдебиет қана емес, этнография, тарих мәселелерімен де шұғылданғанын айту керек. М. Әуезовтің 1923 жылы жазғанына қарағанда, ол 1923 жылы «Мәдениет тарихы» атты кітабын жазып бітірген екен. Бірақ өкінішке орай ол кезінде басылмаған және қазір қоымызға тимей отыр (М. Әуезов. Аханың 50 жылдық тойы. «Ақ жол» газеті, 1923, 4 ақпан 270-саны).

А. Байтұрсынов — ақын. 1927 жылы Смағұл Садуақасов Ахмет Байтұрсыновты профессионал ақын деуден гөрі ірі қоғам қайраткері және ғалым деп тану дүрысырақ деп жазған болатын. Бұл, тегі, соңғы 10—15 жыл бойы (1927 жылға дейін) Байтұрсыновтың өлең жазып, не баспасөз беттерінде, не жеке кітап түрінде көрінбейдігінен, Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, «бұрынғы уақыттағы жас буынның әлсіз ойын тербеткен жүрекке жылы, тәтті өлеңдерін (жұртшылық) ести алмай кеткендіктен» айтылған сөз болу керек. Әйтпесе А. Байтұрсыновтың

акындық таланты да, беріп кеткен поэтикалық мұрасы да оның өте күшті, дарынды, ойлы ақын екендігін танытады. Оның өлеңдері «Маса», «Қырық мысал» деген аттармен Санкт-Петербург, Казан, Орынбор қалаларында 1912 жылдан 1922 жылдарға дейін бірнеше рет жарияланған.

«Қырық мысал» орыстың атақты мысалшысы И. Крыловтан аударылған және соның ізімен жазылған өлеңдер. Ақынның әдеби шығарманың дәл осы жаңрын таңдауында үлкен мән бар. Мысал жанры — қазақ халқына да жақын, таныс дүние, гибрат айтып, жақсылыққа шақырудың ең бір ұтымды амалы.

«Маса» жинағындағы өлеңдер — ақынның төл туындылары. Кезінде Мұхтар Әуезов «Қырық мысалды» «қалың қазақ жұртының алғашқы сстіген тәңкеріс рухындағы сезі» деп бағалағаса, «Маса» — қазақ оқушысына естілген екінші елшілдік ұран» деп сипаттаған болатын. Мұндағы сол кездің терминімен «елшілдік ұран» дегені — демократтық, бұқарашибілдік ұран». Бұл жинақтағы өлеңдер — ақын Байтұрсыновтың азаматтық борышының, арман-мақсатының толғауы. «Маса» деген жинақ атының өзі символ: надандық, өнер-білімнен кенже қалушылық, шаруаға енжарлық — осылар, автордың бейнелеуінде, қазақты шағуға дайын тұрған жылан, ал өлең иесі «аяқтары ұзын, сары маса» болып ызындал, ұйықтап жатқан халқын оятып, жыланнан сақтандырмақшы:

Мысалы, қазақ малшы үйықтап жатқан,
Жыланды бәле делік аңдып баққан.
Бәленің түрін көрген мен сары маса
Қазакты оянсын деп сөзбен шаққан.

Елдік, ұлттық бостандығы жок, отаршылдық күй кешіп отырған, өзгелермен білім-ғылым жөнінен де тенденс алмайтың көшпелі жүртyna ақын:

Қазағым елім,
Кайқайып белің
Сынуға тұр таянип.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзінді оянып.
Қанған жоқ па әлі үйқың,
Үйықтайтын бар не сиқын!—

дейді.

Әзі үшін емес, халқы үшін қызмет ету — «Масадағы» өлеңдердің лейт-мотиві. Ол «адамдық диқаншысы» болып, оның тұқымын шашуды мақсат еткенін білдірелі:

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көгі жоқ, көгалы жоқ қырға шықтым.

Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көтеруге құл халықтын.

Ахмет Байтұрсынов «адамдық» деген үғымға адалдықты, адамгершілікті, қалтқысыз еңбекті сыйғызатын тәрізді. Соңдықтан ол қай заманда да, қай ортада да бар арам ииеттілерді, қарақан басының қамын ойлаушыларды, күншілдерді кешірмейді. Оның әйгілі мына тармақтары әр кезде басынан осындағы хал кешкен әр адаминың көңіліне үялар еді:

Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың берінен
Өз ауылымның иттері үріп қапқаны.

Мұны акын 1909 жылы өз пайдасын көздел, патша әкімшілігіне жағынып, Ахметтерге жала жауып, түрмеге отырғызғандарға айтқан. Дәл осы сөзді 1929 жылы да, 1937 жылы да айтқан болар еді, өйткені бұл жылдарда көрген әділетсіздігі де — бейморальдықтың, заңсыздықтың, сол зансыздыктарға жол берген өз аулының — өз елінің адамдары болатын. Сонымен қатар:

Асықпандар! Артымызда қазы бар,
Тергеп талай сүйектерің қазылар,—

деп түбіндегі әділеттің, шындықтың жеңетініне, болашаққа сенімін қоса білдіреді. Бұл — әр күбылысты таразыға салып өлшей білетін көреген жаинның сөзі.

Сап жағынан аса көп болмаса да, «Маса» кітабына енген өлецідердің әрқайсысы — акын жаинның айғайы. А. Байтұрсынов поэзиясына Абай улгісі қатты есер еткепі сезіледі. Ол әсер, ең алдымен, поэзияда әлеуметтік тақырыпты көтеруде көзге турады. А. Байтұрсынов жариялаған поэтикалық мұрасының ішінде махабbat лирикасы жок, замандас арасында жиі кездесетін өзіл-оспак, наз-базына өлецідер де жоқ. Ақындық «мен» атынан тұған өлецідердің өзінде сол «мен»-нің өз басындағы қайғы-қуанышын, арман-тілегін, өкініш-күйіншін жырлау арқылы әлеуметтік мұdde-мұқтаждар айтылады. Қазақ халқының тағдыры, бүгінгісі мен ертегісі — Байтұрсынов поэзиясының өзегі. Міне, Ахмет Байтұрсыновтың ақындық позициясы осындағы: үні әлеуметтік, идеясы — гуманистік-демократтық. Әрине, біздің бұл сипатымыз — өте жалпы айтылып, қысқа қайрылған түйін. Байтұрсыновтың ағартушылық, ғылыми еңбектерімен қатар, оның поэтикалық творчествосын, саяси-әлеуметтік көзқарастарын нақтылы, ариналы және терең зерттеу — алдағы міндет, әр сала мамандарының жұмысы.

А. Байтұрсынов — публицист. Өз кезеңі үшін орны зор, мәні

улкен үлттық баспасөз органдары — «Қазақ» газетінің редакторы болған, «Айқап» журналының беттерінде жіңі-жіңі ой-пікірлерін білдіріп отырған, қоғам тағдырына үніле білген А. Байтұрсыновтың публицистикаға бармауы мүмкін емес еді. Өйткені публицистика дегеніміз әлеуметтік қекейкесті мәселелерді сөз етіп, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасайтын әдебиет жанры болса және ол көбіне-көп баспасөзде көрінетін болса, бұл екі шарттың екеуі де А. Байтұрсыновтың публицистикадағы орнын тауып береді.

Байтұрсыновтың публицистикасы көбінесе мақала түрінде көрінеді (очерк, фельетондар жоққа тән). Ол 1911 жылы «Айқапта» (№ 2) жариялаған «Қазак өлкесі» деген мақаласынан бастап, 1912—1914 жылдары «Қазакта», «Айқапта» өз атымен немесе бас мақала етіп «Оқу жайы», «Бастауыш мектеп», «Қазақ жерін алу турасындағы низам», «Қазак һәм 4-дума, «Жауап хат» (Жанша Сейдалин мырзаға), «Шаруа жайынан», «Бұл заманның соғысы», «Губернатор өзгерілуі», «Земство», «Бас косу турасында» т. б. мақалалары — мәселе қойылысы мен әлеуметтік үні жағынан нағыз публицистикалық дүниелер. Бұлардың ішінде В. И. Лениннің 50 жасқа толған күніне ариап, «Ұнқын» газетінің 1920 жылғы мамырдың 11 күнгі санында жарияланған «Лениннің 50 жасы» деген мақаласы көціл аудзрады. Біріншіден, осы тақырыпта мақала жазу арқылы А. Байтұрсынов совет үкіметі жағына әбден ауысқанын, Коммунистік партияның платформасын жақтайдынын жария етеді, екіншіден, қазақтың сол кездегі қалың бұкарасына сол қара халықтың өз тілінде («жалпақ тілінде») В. И. Лениннің идеясын, күрес жолын, женсін түсіндіреді, қазақтың тыңдарман-окырман қауымына, әлі де көбі қараңғы, хат танымайтын қалың жүртшылығына «социализм» деген үғымды таныстырады.

А. Байтұрсыновтың публицистикасын тек қазақ тілінде емес, орыс тілінде де көреміз. «Жыズнь национальностей» атты журнаlda «Революция және қазақтар» (1919, № 29 (37), «Тағы да Қазақстандағы аштық жайында» (1921, № 23 (121) т. б. мақалалары жарық көрді. Совет түсінінде 1929 жылдарға дейін жарияланған публицистикалық мақалалары әлі түгел жиналып болған жок. Оларды да тауып, әрқайсысының көтерген мәселе сіне, ондағы айтылған пікірлерге талдау жасау алдымында тұрған міндеттердің бірі.

Сейтіп, Ахмет Байтұрсынов, біріншіден, қазақ тілінің алғапесі мен окулықтарының авторы, соныдан із салған жаңашыл ағартушы. Екіншіден, араб графикасына негізделген казак жазуының реформаторы. Бұл жазу үстіміздегі ғасырдың 10-жылдарынан бастап, 20-жылдардың соңына дейін қазақ мәдениетіне, оқу-ағартуына жақсы қызмет етті. Байтұрсынов алфавиті күні бүгінге дейін қолданып тауып келеді: Қытай Халық Республикасы, Ауғаныстан, Иран сиякты елдердегі казак бауырластарымыз сауаттарын осы жазумен ашып, басна дүниелерін осы графикамен шығарады. Үшіншіден, А. Байтұрсынов — қа-